**«Павлодар қаласының № 4 сәбилер бақшасы» КМҚК**
**қазақ, орыс тілінде оқытатын әдіскер лауазымына**
**(уақытша, негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалысы кезеңіне, 30.04.2025 жылға дейін) конкурс жариялайды**
**конкурс жариялайды**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру ұйымының атауы | Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 4 сәбилер бақшасы» КМҚК |
| | орналасқан жері, пошталық мекенжайы | 140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13 |
| | телефон нөмірлері, | 8 (7182) 64-15-52 |
| | электрондық пошта | sad4@edu.goo.kz |
| 2 | Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы, жүктемесі | әдіскер, 1 **ставка** |
| | негізгі функционалдық міндеттері | білім беру ұйымының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;<br>оқу, оқу-тақырыптық жоспарлар мен бағдарламалар жасайды;<br>балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады;<br>жас топтары бойынша сабақ кестесін жасайды;<br>оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, нысандарын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді;<br>оқу-әдістемелік құжаттамаларды, құралдарды әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;<br>инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтауды, зерттеуді, таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді;<br>топтарды оқу құралдарымен, ойындармен, ойыншықтармен жинақтауды ұйымдастырады;<br>оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жағдайын талдайды;<br>тәрбиешілер үшін сабақтар, мастер-кластар, семинарлар, жеке және топтық кеңестер, көрмелер, конкурстар өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады;<br>оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкін қалыптастырады, есепке алу және есеп беру құжаттамасын уақытылы рәсімдейді;<br>тәрбиешілердің, психологтың, логопедтің, музыкалық жетекшінің, ұйымның басқа мамандарының өзара іс-қимылын үйлестіреді;<br>ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді;<br>тәрбиешілер, олардың көмекшілері лауазымдарына кадрларды іріктеу және оларды көтермелеу жөнінде ұсынымдар енгізеді;<br>педагогтердің біліктілігін арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау), аттестаттау жөніндегі жұмысты үйлестіреді. |
| | еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары | - **еңбек өтілі мен біліктілік санатына сәйкес төленеді**;<br>- арнайы орта білім (min): 168 036 теңге;<br>- жоғары білім (min): 240 413 теңге |
| 3 | Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары | тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжат, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - кемінде 3 жыл, ауылдық жерде - кемінде 1 жыл;<br>және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі болған педагог – шебер үшін мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - кемінде 5 жыл, ауылдық жерде-кемінде 3 жыл;<br>педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог - зерттеуші үшін тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалалық жерде - кемінде 5 жыл, ауылдық жерде-кемінде 3 жыл. |
| **4** | Құжаттарды қабылдау мерзімі | **12.12.2023-22.12.2023** |
| **5** | Қажетті құжаттар тізбесі | 1) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Конкурсқа қатысу туралы **өтініш**;<br>2) **жеке басын куәландыратын құжат** не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);<br>3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған **жеке іс парағы** (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);<br>4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес **білімі туралы құжаттардың көшірмелері**;<br>5) **еңбек қызметін растайтын құжаттың** көшірмесі (бар болса);<br>6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша **денсаулық жағдайы туралы анықтама;**.<br>7) **психоневрологиялық ұйымнан анықтама**;<br>8) **наркологиялық ұйымнан анықтама**;<br>9**) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты** (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің **біліктілік санатының болуы туралы куәлік** (болған жағдайда);<br>10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған **Бағалау парағы;** |
| **6** | Уақытша бос лауазымының мерзімі | уақытша, негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалысы кезеңіне, 30.04.2025 жылға дейін |